

## Глубокое ауданы Киров ауылдық округінің Черногорка ауылында атауы жоқ көшелеріне атауларын беру туралы

Шығыс Қазақстан облысы Глубокое ауданы Киров ауылдық округі әкімінің 2017 жылғы 30 қазандағы № 3 шешімі. Шығыс Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2017 жылғы 10 қарашада № 5276 болып тіркелді

**Р Қ А О - н ы ң е с к е р т п е с і .**

**Құжаттың мәтінінде түпнұсқаның пунктуациясы мен орфографиясы сақталған.**

Қазақстан Республикасының 1993 жылғы 8 желтоқсандағы "Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылысы туралы" Заңының 14 бабының 4) тармақшасына, Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 35 бабының 2 тармағына сәйкес, Черногорка ауылы халқының пікірін ескере отырып, Киров ауылдық округінің әкімі **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Глубокое ауданы, Киров ауылдық округінің Черногорка ауылында атауы жоқ көшелеріне атауларын беру:

№ 1 атауы жоқ көшеге – Центральная көшесі;

№ 2 атауы жоқ көшеге – Достық көшесі;

№ 3 атауы жоқ көшеге – Еңбек көшесі;

№ 4 атауы жоқ көшеге – Бірлік көшесі.

2. Осы шешімнің орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

3. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Киров ауылдық округінің әкімі*

*Е. Жумагулов*